

Құрылыста мердігерлік конкурстар мен саудаласуларды (тендерлерді) әзірлеу және өткізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі 1994 жылғы 10 шілде N 29. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1994 жылғы 30 қарашада тіркелді. Тіркеу N 29. Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті төрағасының 2004 жылғы 14 сәуірдегі N 162 бұйрығымен.

Құрылыста мердігерлік конкурстар мен саудаласуларды (тендерлерді) әзірлеу және өткізу жөніндегі

Уақытша ереже I. Жалпы ереже

1. Осы ереже мердігерлік конкурстар мен саудаласулар (тендерлер) түрлері мен қолданылу салаларын, оларды әзірлеп, өткізу тәртібін, қажетті құжаттар құрамы мен оларға қойылатын талаптарды анықтайды, оларды әзірлеп, өткізуді ұйымдастыру және олардың Қазақстан Республикасы аумағында жаңа құрылыс салуға, жұмыс істеп тұрған объектілерді кеңейтуге, қайта құруға, техникалық қосымша жарақтандыруға және күрделі жөндеуге байланысты жұмыстың бүкіл кешенін орындау мен қызмет көрсетуге келтірер нәтижесін реттеу шартын т а п і ш т е й д і .

Мердігерлік конкурстар мен саудаласулар (тендерлер) туралы Уақытша ереже (одан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының құрылыс саласында қолданылып жүрген заңдарына сәйкес әзірленді.

2. Ереже тапсырыс берушілер, коммерциялық құрылыс салушылар және м е р д і г е р л е р ү ш і н :

- толығынан немесе ішінара мемлекеттік бюджеттен, Экономиканы қайта құру қорынан, Жол қорынан, Кәсіпкерлікті қолдау қорынан, мемлекеттік сектордың осындай басқа қорларынан және банктік кредиттен;

- өз қаражаты немесе мемлекеттік кәсіпорындардың заем қаражаты есебінен;

- егер конкурсты және саудаласуды ұйымдастыру туралы тапсырыс беруші шешімінде осы Ережені қолдану көзделсе, басқа көздерден қаржыландырылатын құрылыстар бойынша жаңадан басталатын, қайта жасалатын, кеңейтілетін кәсіпорындарды, сондай-ақ техникалық қосымша жарақтандыруға және күрделі жөнделуге жататын объектілерді жобалауға, салуға, мердігерлік қайсыбір

жұмыстар мен қызметтерді орындауға тапсырысты орналастырып, жүзеге асыру барысында міндетті болып табылады.

Басқа реттерде Ереже ұсыныстық сипат ұстайды.

3. Конкурстар мен саудаласуларды (тендерлерді) ұйымдастыру барысында:

- мердігерлік конкурс пен саудаласудың таңдалған түрінің инвестициялық-құрылыс қызметінің нақты жағдайына, соның ішінде инвестордың мүмкіндіктеріне сәйкес болуы;

- үміткер-мердігерлердің кеңінен сайыстылығын қамтамасыз ету;

- меншік түріне, шаруашылықты жүргізу нысанына және олардың орналасқан жеріне қарамастан үміткер-мердігерлердің бірдей құқығын қамтамасыз ету;

- үміткер-мердігерлер тарапынан монополдық сипатта ықпал ету шараларына ж о л б е р м е у ;

- конкурстар мен саудаласуларға қатысушылардың міндетті процедуралардың орындалмағаны үшін жауапкершілігін қамтамасыз ету қағидаттары сақталуға т и і с .

4. Осы Ережеде пайдаланылған терминдер N 1 қосымшада келтірілген.

5. Күрделі құрылыстағы мердігерлік конкурстар мен саудаласулардың негізгі түрлері N 2 қосымшада аталған.

II. Конкурстар мен саудаласулар (тендерлер)

6. Жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттамалардың барлық түрі, соның ішінде аумақтарда кешенді құрылыс салу, тұрғын үйлер мен әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы объектілер жобалары конкурс нысаны бола а л а д ы .

7. Кәсіпорындарды, үйлер мен ғимараттарды, соның ішінде тұрғын үйлерді және инфрақұрылым объектілерін жұмыс бабында жобалау және салу;

- құрылыс, монтаж, іске қосу-баптау жұмыстарының жекелеген кешендерін о р ы н д а у ;

- күрделі де бірегей жабдықтарды әзірлеу, жеткізу, монтаждау;

- инжинирингтік жұмыстар мен қызметтер;

- кәсіби басқару жөніндегі (менеджмент) қызметтер;

- құрылыс саласындағы басқа мердігерлік жұмыстар мердігерлігі саудаласу н ы с а н ы б о л а а л а д ы .

8. Конкурстың немесе саудаласудың бас мердігерлікке, қосалқы мердігерлікке, бөлек немесе бірлескен мердігерлікке өткізілуі мүмкін.

Қосалқы мердігерлік жұмыстарға конкурстарды немесе саудаласуларды бас

мердігер ұйымдастырады.

Бөлек мердігерлікке арналған конкурс немесе саудаласу ірі кәсіпорындарды, объектілер кешендерін жеделдете салу қажеттігі барысында өткізіледі және мердігерліктің жекелеген түрлері (жалпы құрылыстық, арнаулы құрылыс, монтаж және іске қосу-баптау жұмыстары) бойынша конкурс немесе саудаласу өткізуді қарастырады. Кейіннен тапсырыс беруші қызметі жекелеген мердігерлер жұмысын үйлестіреді.

Ірі мердігерлікке арналған конкурсқа немесе саудаласуға қатысу үшін бірнеше мердігер қолданылып жүрген заңға сәйкес бірлесе қызмет ету үшін бірігіп алады.

9. Құрылыс-монтаж және басқа жұмыстарды жобалауға лицензиясы бар кәсіпорын, меншік түрі мен нысанына және шаруашылықты жүргізудің ұйымдық-құқылық нысанына қарамастан, сондай-ақ шетелдік резидент емес кәсіпорындарды қоса алғанда жабдықтарды жасаушы ұйымдар, делдалдық ұйымдар конкурстар мен саудаласуларға қатыса алады.

Конкурстар мен саудаласуларға:

- шаруашылық қызметін жүргізу үшін тіркелмеген;
- банкрот деп жарияланған;
- конкурс-саудаласуға қойылған тапсырысты орындау үшін қажетті қызметті жүзеге асыруға лицензиясы жоқ заңды және жеке тұлғалар;
- конкурстық комиссия (тендерлік комитет) мүшелері;
- Қазақстан Республикасы аумағында тиым салынған ұйымдар қатыса алмайды.

10. Ірі де күрделі кәсіпорындар мен объектілерді жобалау және салу барысында конкурсқа немесе саудаласуға қатысу үшін басқа мемлекеттерден қатысушылар шақырыла алады.

Халықаралық конкурстар мен саудаласуларды ұйымдастыру осы Уақытша ереженің 6-бөлімімен тәпінтеледі.

11. Ашық конкурс немесе саудаласу, әлбетте, техникалық жағынан онша күрделі емес қайта қолданылатын объектілер үшін өткізіледі. Қорғаныс немесе басқа арнаулы мақсаттағы объектілерде мердігерлікті орналастыруға арналған ашық конкурс немесе саудаласу өткізуге жол берілмейді.

12. Жабық конкурс немесе саудаласу:

- ықтимал қатысушылардың шектеулі аясын көздейтін жобалау немесе құрылыс салудың өзіндік сипаты және шарты бар;
- олар бойынша ашық саудаласу тапсырыс беруші немесе үміткерлер үшін шығынға, мердігерлік жұмыстарды орындаудан күтілетін кірістің сәйкессіздігіне соқтыратын;
- ол бойынша бұрынырақ өткізілген ашық сауда оң нәтижені қамтамасыз

етпеген объектілер үшін жүзеге асырылады.

13. Техникалық онша күрделі емес объектілерді жобалау немесе салу конкурсы немесе саудаласуды, әлбетте, бір турда өткізіледі.

Ірі де күрделі объектілерді жобалау немесе салу конкурсы немесе саудаласудың екі турда өткізілуі мүмкін. Бірінші турда бірнеше тандаулы үміткер іріктеледі, олар екінші турға қатысуға шақырылады. Сонымен бірге конкурс немесе саудаласу нысаны өзгертілмейді.

14. Жартылай жабық (ашық-жабық) конкурс немесе саудаласу екі турда және одан көп өткізіледі.

15. Алдын ала квалификациялау арқылы ашық конкурсқа немесе саудаласуға қатысушыларды реттеу N 9 қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Алдын ала квалификациялау арқылы ашық конкурс немесе саудаласу, әлбетте, ірі де күрделі объектілерді жобалауға немесе салуға немесе күрделі де бірегей жабдықтарды конструкциялап жасауға, жеткізуге және монтаждауға тапсырысты орналастыру барысында өткізіледі.

Қайта квалификациялау арқылы конкурстық жұмыстарды беруге немесе ашық конкурсқа қатысуға шақыруды конкурстық іріктеуден өткен үміткерлер ғана алады.

16. Конкурстар мен саудаласулар жариялы болуға тиіс.

III. Конкурстарды ұйымдастыру

17. Конкурсты өткізу туралы шешім тапсырыс берушінің реттеуші құжатымен (бұйрықпен, қаулымен, өкіммен) ресімделеді. Онда конкурстың түрі, өткізу тәртібі мен мерзімі анықталады.

18. Конкурстарға арналған міндетті құжаттардың тізбесі N 3 қосымшада көрсетілген. Конкурстық құжаттама қатысушылардың бәрі оны бірдей түсіне алатындай етіп жасалуға тиіс.

19. Конкурс шартымен конкурстық тапсырманы тікелей тапсырыс беруші немесе шартты негізде мамандардың уақытша тобы әзірлейді.

20. Конкурс шарты:

- конкурс тақырыбының атауын;
- конкурстық жұмысты орындау мерзімін;
- конкурстық жұмыстар тіліне талапты;
- конкурстық сыйақы нысандарын (сыйлық, қаламақы, жүлде, тағы сол сияқтылар);
- конкурстық жұмыстарды беру орны, оның нақты мекен-жайын көрсету арқылы;

- егер конкурс бірнеше турда өткізілетін болса, онда конкурстың әр турының өткізу мерзімі мен тәртібін;
- конкурстық жұмыстарды бағамдау түйіндерін;
- конкурстың, оның турларының қорытындысын шығару процедурасы мен күнін;
- жүлделі конкурстық жұмыстарды пайдалану тәртібін қамтуға тиіс.

21. Конкурстық тапсырма:

- тақырып атауы мен конкурс нысанының ақшам сипаттамасын;
- конкурс міндеттері мен талаптарын;
- конкурстық тапсырманы орындауға арналған бастапқы деректерді;
- конкурсқа ұсынылатын сызбалар мен схемалардың құрамы мен санын, олардың көлемін;
- қала құрылысы, келімді-кеңістіктік, техникалық-экономикалық, әлеуметтік және басқа көрсеткіштер номенклатурасын;
- конкурстық жұмыстар көлемі мен ресімделуіне талапты анықтайды.

22. Жарияланған ашық конкурсты өткізбеуге болмайды.

Конкурстық жұмыстарды әзірлеу үшін белгіленген мерзімнің алғашқы жартысында ғана конкурс шарттарын өзгертуге жол беріледі. Конкурс шартына енгізілетін ішінара өзгертулер конкурстың мәнін қамтымауға тиіс. Мұндай өзгертулер конкурстық жұмыстар көлемі мен оларды беру мерзіміне ғана қатысты бола алады. Мұның барысында конкурстық жұмыс тақырыбы мен мақсатын өзгертуге жол берілмейді.

Тапсырыс беруші-конкурсты ұйымдастырушы конкурс шартын өзгерту туралы конкурс жарияланғандағыдай тәртіппен хабарлауға міндетті.

23. Конкурстың құрамы, реттілігі және шамамен ұзақтығы N 4 қосымшада көрсетілген конкурсты ұйымдастыру бағанасында келтірілген.

Ашық конкурстар

24. Ашық конкурсты өткізу туралы хабарландыру ол басталардан екі апта бұрын жариялануға тиіс. Ашық конкурс туралы хабарландырудың міндетті құрамы N 5 қосымшада келтірілген. Хабарландыруда Қазақстан Республикасының нормативтік актілеріне қайшы келмейтін басқа шарттар да белгіленеді.

Конкурс шарты мен конкурстық тапсырма конкурс туралы хабарландырумен бір мезгілде жарияланады.

25. Ашық конкурсқа қатысушы белгіленген негізгі кезеңде конкурстық жұмысты және оған түсініктеме хатты әзірлейді. Конкурстық жұмыс құрамы

конкурс шартына және конкурстық тапсырмаға сай келуге тиіс.

26. Ашық конкурсқа берілетін материалдар құрамына екі дана конкурстық жұмыс пен оған түсініктеме хат, ақпараттық бет және девиздік конверт енеді.

Аталған материал конвертке салынып, желімделіп беріледі, онда конкурстық жұмыстарды қабылдау үшін белгіленген нақты мекен-жай көрсетіледі.

Желімделіп жабылатын девиздік конвертте ақпараттық бет салынады, ол конкурстық жұмыстың девизін және (авторлар) туралы мәліметтерді - фамилиясын, аты-жөнін, автордың (авторлардың) мекен-жайын, сондай-ақ сыйлықты (сыйақыны) авторлар арасында проценттік бөлу туралы анықтаманы б а я н д а й д ы .

27. Егер конкурстық жұмыстар почта арқылы жіберілсе немесе конкурстар шартында көрсетілген мерзімнен кешіктірілмей жеке табыс етілсе ол белгіленген мерзімде ұсынылады деп есептеледі.

Автор конкурстық жұмысты почта арқылы жөнелту барысында конкурстық комиссияның мекен-жайына жедел хат жолдап, аталған жұмыстың жіберілуін куәландыратын түбір қағаз нөмірін және девизді көрсетуге тиіс.

28. Конкурстық комиссия құрамы тиісті салалардағы жетекші мамандардан құрылады. Және тапсырыс беруші - конкурсты ұйымдастырушы бұйрығымен бекітіледі. Конкурстық комиссия құрамына салалық министрліктен (ведомстводан), Экономика министрлігінен, Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінен, жергілікті сәулет және қала құрылысы органдарынан, тапсырыс беруші ұйымнан немесе коммерциялық құрылыс салушылардан, ұлттық, тұрғын үй-құрылыс, құрылысты қаржыландырушы басқа банкілерден бір өкілден, жобалау, ғылыми-зерттеу, инженерлік-іздістелу, сараптама және басқа ұйымдар атынан заңды тұлғалар енгізілуге тиіс.

Конкурстық комиссияға:

- берілген конкурстық жұмыстардың конкурстық тапсырма мен конкурс шарттары талаптарына сәйкестігін тексеру, аталған жұмыстарды қабылдау немесе қабылдамау туралы шешім шығару;

- конкурс қорытындыларын шығарып, сыйлық беру және мадақтаудың басқа түрлері туралы шешім қабылдау;

- мадақталған жұмыстарды одан әрі жетілдіре беру жөнінен ұсыныстар
ө з і р л е у ж ү к т е л е д і .

Конкурстық комиссия мүшелерінің конкурсқа қатысуға және конкурстық жұмыстар бойынша кеңестер беруге, конкурстық комиссия жұмысына байланысты мәліметтерді жария етуге құқығы жоқ.

29. Конкурстық комиссияның жауапты хатшысы дауыс беру құқығынсыз оның мәжілістеріне қатысады.

30. Ашық конкурстар қорытындыларын шығару оның мүшелерінің кемінде

үштен екісінің қатысуымен конкурстық комиссияның жабық мәжілісінде әр жұмыс бойынша жеке-жеке көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы, егер конкурс шарттарында өзгедей көзделмесе, жүзеге асырылады. Жақтаған немесе қарсы дауыстар санының бірдей болуы барысында конкурстық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Комиссия ашық конкурсқа ұсынылған конкурстық жұмыстарды қарау нәтижелері бойынша конкурстық сыйақы туралы;

- конкурс шартына сәйкес конкурстық сыйақыны төлеу туралы;
- жекелеген күрделі орындар үшін конкурстық сыйақыны беруден бас тарту т у р а л ы ;
- бірде-бір конкурстық сыйақыны бермеу туралы шешімдердің бірін қ а б ы л д а й д ы .

31. Конкурстық комиссия шешімі дауыс беруге қатысқан комиссияның барлық мүшелерінің қол қоюы арқылы хаттамамен ресімделеді. Хаттамада:

- жұмыстардың әрқайсысының девизі көрсетіліп, қарауға қабылданған ж ұ м ы с т а р т і з б е с і ;
- конкурстық тапсырма талаптарын немесе конкурс шарттарын бұзушылықтан қарауға қабылданған конкурстық жұмыстар тізбесі, осы а ғ а т т ы қ т а р д ы ң с и п а т ы ;
- конкурстық сыйақыны және мадақтаудың басқа түрлерін беру туралы ш е ш і м ;
- сыйлық берілген конкурстық жұмыстарды одан әрі әзірлей беру туралы ұ с ы н ы с т а р к ө р с е т і л у г е т и і с .

Конкурстық комиссия шешімі түпкілікті болып табылады, конкурс шарттары бойынша ол тапсырыс беруші - конкурсты ұйымдастырушының бекітуіне жататын р е т т е р б ұ ғ а н к і р м е й д і .

32. Ашық конкурс қорытындыларын шығару туралы конкурстық комиссия шешімі қабылданғаннан кейін сыйлық берілген жұмыстардың ғана девиздік к о н в е р т т е р і а ш ы л а д ы .

33. Ашық конкурс қорытындылары конкурс жарияланған тәртіпте оған қ а т ы с у с ы л а р ғ а ж а р и я е т і л е д і .

34. Ашық конкурс жеңімпаздарына конкурстық сыйақы төлемі конкурс қорытындысы шығарылғаннан кейінгі бір ай ішінде, егер конкурс шарттарында мейлінше қысқа мерзім айтылмаса, конкурстық комиссия шешімінің негізінде т ө л е н е д і .

35. Сыйлық берілген конкурстық жұмыстар ашық конкурстың тапсырыс берушісінің иелігіне, пайдалануына және қарауына түседі. Егер интеллектуалдық меншік нысаны болып табылатын жүлделі жұмыстарды пайдалану тәсілі конкурс туралы хабарландыруда көрсетілмесе, тапсырыс беруші мұндай жұмыстарды

авторлық шартты жасасу барысында ғана пайдалана алады.

Конкурстық жүлделі жұмыстарға авторлық құқық (баспасөзде жариялау, көрмелерге қатысу, одан әрі пысықтау т.б.) интеллектуалдық меншік туралы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңымен және конкурс шарттарымен көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

Конкурсқа ұсынылған, конкурс шарттарына немесе конкурстық тапсырмаға сай келмейтін жұмыстар, сондай-ақ сыйақыға ие бола алмаған жұмыстар, егер конкурс шарттарымен өзгедей көзделмесе, авторларға қайтарылуға жатады.

Жүлделі емес жұмыстарды иелену, пайдалану және жұмсау құқы олардың авторларына толығынан тиесілі болады.

36. Конкурсты ұйымдастырушылар пайдаланып жүрген жұмыстар үшін сыйлық төлеу олардың авторларының, егер конкурс шарттарымен өзгедей белгіленбесе, авторлық құқық нормаларына сәйкес сыйақы алу құқығынан айырылды.

Конкурс туралы хабарландыруда сыйлықты немесе төлемді авторлық сыйақы есебіне алу құқығының көзделуі мүмкін. Егер авторлық құқық нормалары бойынша есептелген сыйақы сыйлық мөлшерінен асып түссе, мұндай есепке жол беріледі.

Жабық конкурс

37. Жабық конкурс шартты негізде жүзеге асырылады және объектіні жобалау мен салуды қабыстыруы (қосарланған мердігерлік) мүмкін.

Конкурстық комиссия құрамы 28-тармақта анықталған.

38. Жабық конкурс барысында тапсырыс беруші - конкурсты ұйымдастырушы әлеуетті мердігерлерді іріктеп алып, олардың әрқайсысына шақыру жібереді. Онда конкурсқа қатысуға шақыруды өздерінің қабылдағаны (қабылдамағаны) туралы жауапты алудың шекті мерзімі міндетті түрде көрсетіледі. Шақыруға конкурстық тапсырманың және конкурс шартының қоса берілуі мүмкін.

Конкурстық тапсырма ТЭН (ТЭЕ)-ні әзірлеуге тапсырыс немесе жобалауға тапсырма, не жобалауға функционалды (жеке) тапсырма түрінде ресімделеді.

39. Инженерлік іздестірулерді жүргізу үшін тапсырыс беруші-конкурсты ұйымдастырушы бөлек мердігерлік шартын жасасады. Инженерлік іздестірулер материалдары конкурсқа қатысушылардың - бас жобалаушылардың бөріне жіберіледі.

40. Үміткер конкурсқа қатысудан бас тарта алады, бұл жайлы, егер шақыруда өзгедей мерзім көрсетілмесе, тапсырыс берушіге жеті күндік мерзімде жазбаша хабарлауға тиіс. Конкурсқа қатысуға өтінім аталған мерзімде алынбаған ретте,

егер конкурс шарттарында өзгедей айтылмаса, шақыру қабылданбады деп е с е п т е л е д і .

41. Үміткер шақыру, конкурс шарты және конкурсқа тапсырма негізінде конкурстық жұмысты орындау мердігерлігі шартты жобасын әзірлеп, оны тапсырыс беруші - конкурсты ұйымдастырушының мекен-жайына жібереді. Қосарланған мердігерлік барысында конкурстық жұмыс құрамында N 6 қосымшаға сәйкес мердігерлік саудаласуды өткізуге арналған деректер болуға т и і с .

Конкурстық жұмысты орындаудың мердігерлік шартын жасасудың бұдан былайғы процедурасы қолданылып жүрген құрылыстағы шарттар туралы ережелермен көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

42. Егер конкурсқа (мердігерлік шарттар жобаларына) қатысуға кемінде екі мердігерден қатысу ұсынысы түссе, конкурстық жобалауға шарт жасалады. Өйтпеген жағдайда конкурсқа өтінім беру мерзімін ұзарту, не оның нысанын қамтымайтын конкурс шартын өзгерту қажет. Тапсырыс беруші конкурс шартын өзгерту туралы конкурс жарияланғандағыдай тәртіпте конкурсқа әлеуетті қатысушыны хабардар етуге міндетті.

43. Жабық конкурсқа қатысушы бас жобалаушы немесе жобалау-құрылыс ұйымы (фирмасы) конкурстық немесе конкурстық емес негізде мамандандырылған (ғылыми-зерттеу, жобалау, іздестіру, жобалау-іздестіру) ұ й ы м д а р ы н т а р т у ғ а қ ұ қ ы л ы .

44. Конкурстық негізде әзірленген құжаттамаларды топтамасымен тапсыру-қабылдау конкурстық комиссия жұмысы басталғанға дейін жүзеге асырылады. Конкурстық комиссия топталмаған құжаттаманы қабылдамайды.

45. Конкурстық комиссия әрбір конкурстық жұмыс бойынша тұжырым береді . Тұжырымда конкурс шарттарында қабылданған түйіндер ескеріліп, әрбір құжаттаманы қабылдау себептері және жүлделі құжаттамаларды таңдау дәлелдері көрсетілуге тиіс .

Жабық конкурс қорытындылары қорытындылар шығарылғаннан кейінгі екі апталық мерзімде оның барлық қатысушыларына хабарланады.

46. Сараптамаға және бекітуге (егер бас құрылысшы белгіленсе) таңдаулы бір конкурстық жұмыс қана жіберіледі. Осыған орай жобалаушылардың құжаттамаларды келісуге, сараптамасына және бекітілуіне қатысуы жөніндегі шығынын тапсырыс беруші жеке төлейді.

Жартылай ашық конкурстар

47. Мұндай конкурстар ірі және күрделі объектілер үшін өткізіледі. Әрі бірнеше турдан тұрады. Алғашқы тур ашық болады.

Аталған конкурстың екінші туры жабық болуға тиіс. Оған бірінші турдың жүлдегерлері ғана қатысады. Оны әзірлеу мен өткізу осы Уақытша ереженің 37-46-тармақтарымен көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

Қажетіне қарай конкурстың әрбір келесі туры жабық түрде өтеді.

IV. Саудаласуларды ұйымдастыру

48. Саудаласуды өткізу туралы шешімді, егер мемлекеттік тапсырыс беруші орган немесе жергілікті өзін-өзі басқару органы оны қарастырмаса, тапсырыс беруші қ а б ы л д а й д ы .

Шешім өкімді құжатпен (бұйрықпен, өкіммен, қаулымен) ресімдейді, онда өткізілетін саудаласудың мақсаты мен түрі, сондай-ақ оны қаржыландыру көздері к ө р с е т і л е д і .

49. Тапсырыс беруші (коммерциялық құрылыс салушы) саудаласуды ұйымдастыру үшін уақытша тендерлік комитет құрады, оның құрамына салалық министрліктің (ведомствоның), Құрылыс тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің, жергілікті сәулет және қала құрылысы органдарының, қаржыландырушы банктің, бас жобалаушының, инженерлік-ізвестіру, сараптама және басқа ұйымдардың бір-бір өкілінен енеді немесе саудаласуды әзірлеу мен өткізуді тиісті министрліктің (ведомствоның), жергілікті өзін-өзі басқару органының жанынан тұрақты жұмыс істейтін тендерлік комитетке тапсырады.

Тендерлік комитеттің құрамы саудаласуды өткізу туралы шешімінде, не тапсырыс берушінің (коммерциялық құрылыс салушының) жеке шешімімен а н ы қ т а л а д ы .

Тапсырыс беруші ұйымның (коммерциялық құрылыс салушының) немесе оның жетекші қызметтерінің бірінің жетекшісі уақытша тендерлік комитет төрағасы б о л у ғ а т и і с .

Уақытша тендерлік комитет құрамын тапсырыс берушінің (коммерциялық құрылыс салушының) жоғары ұйымы немесе жергілікті өзін-өзі басқарудың жоғары органы, ал тапсырыс берушінің жоғары ұйымы болмауы барысында тапсырыс беруші-кәсіпорын (коммерциялық құрылыс салушы) жетекшісі б е к і т е д і .

50. Саудаласуға қатысудан алдын-ала квалификациялаудан немесе ұсыныста (офертада) қасақана жалған мәлімет берген, бәсекелестікті шектеу мақсатымен сөз байланысқан қатысушылардың ығыстырылуы мүмкін.

51. Әлеуетті мердігердің (оференттің) өзінің жеке басын қуландыратын сенім хаты мен құжаты болуға тиісті өзінің өкілетті өкілі арқылы тендерлік комитетпен өзара қатынасты жүзеге асыруға құқылы.

52. Тендерлік комитеттің нысан бойынша үйлеспейтін және шарттарға сәйкес

келмейтін саудаласу ұсыныстарын қарамауға, сондай-ақ саудаласуды өткізу күнін кейінге қалдыруға немесе ауыстыруға немесе саудалауды өткізбеуге қ ұ қ ы л ы .

53. Мердігерлік саудаласуды ұйымдастырудың міндетті құжаттарының тізбесі мен графигі N 6 және N 7 қосымшаларда келтірілген.

Саудаласуды өткізу

54. Тендерлік комитет әзірлік кезеңінде:

- N 6 қосымшада көрсетілген тендерлік құжаттаманы әзірлейді;
- қажетіне қарай алдын ала квалификациялауды өткізеді;
- қатысушылар сұранымы бойынша тендерлік құжаттаманы жібереді (береді) және ол бойынша түсініктеме береді;
- қажетіне қарай қатысушылардың болашақ құрылыс алаңына баруын ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;
- ұ сы ны ст ы қабылдап, тіркейді.

55. Тендерлік құжаттама оны қатысушылардың бәрі түсіне алатындай етіп ж а с а у ғ а т и і с .

Тапсырыс берушінің (коммерциялық құрылыс салушының) шешімі бойынша тендерлік құжаттама қатысушыларға төлем үшін (оны көбейту құны бойынша) немесе тегін (оны қайтару талабымен немесе қайтару талабынсыз) береді.

56. Ашық саудаласуды өткізу туралы хабарландыру саудаласу шартымен танысу және оған қатысу туралы шешім қабылдау үшін кемінде екі рет мерзімді баспасөзде немесе басқа бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Тапсырыс беруші (коммерциялық құрылыс салушы) алдын ала квалификациялау арқылы саудаласуды өткізу барысында мұны хабарландыруда көрсетіп, саудаласу нысанының жалпы сипаттамасы және әлеуетті мердігерлер қажетті құжаттамаларды (алдын ала квалификациялауға қатысушылар үшін анкеталарды және нұсқаунамаларды) алу үшін жүгіне алатын мекен-жайды келтіруге, не алдын ала квалификациялауды өткізу туралы алдын ала хабарландыру беруге міндетті.

Осы хабарландырудың міндетті құрамы N 8 қосымшада келтірілген. Тапсырыс берушінің (коммерциялық құрылыс салушының) шешімі бойынша хабарландыруларда қолданылып жүрген заңға қайшы келмейтін басқа деректер де кө р с е т і л е а л а д ы .

57. Алдын ала квалификациялаусыз жабық саудаласуларға қатысуға шақыру тапсырыс беруші (коммерциялық құрылыс салушы) таңдаған әрбір әлеуетті мердігерге жіберіледі. Саудаласуға қатысуға шақырудың мазмұны бірдей болып,

барлық үміткерлерге бір мезгілде жіберілуге тиіс.

Жабық саудаласуға қатысуға шақырылатын үміткерлердің саны кемінде үшеу болуға тиіс.

58. Саудаласуды өткізу туралы хабарландыруда келтірілген міндетті шарттарға және қатысушыларға арналған нұсқамаларға мыналар жатады:

- саудаласу нысанының сипаттамасы;
- ұсыныстар берудің шекті мерзімі (күні мен уақыты);
- алдын ала квалификациялау түйіндері мен оны өткізу мерзімі (егер ол өткізілсе);
- шартты бағаның түрі (бір түрі) (тиянақты, ашық т.б.);
- тендерлік құжаттамалардың құны және оны алуға болатын мекен-жайы;
- ұсыныстардың мәнінің кемуіне қарай оны бағамдау түйіндері;
- кепіл сомасы және оны енгізу немесе кепілдеме хатын беру мерзімі;
- мердігерлік шартын жасасу тәртібі.

Саудаласу туралы хабарландыруда (шақыруда) аталған шарттардың біреуінің ғана болмауы барысында ол жарамсыз деп есептеледі.

Тендерлік комитеттің қарауына қарай хабарландыруда (саудаласуға қатысуға шақыруға) басқа шарттар да енгізіле алады.

59. Егер саудаласуды өткізу туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін (саудаласуға қатысуға шақыруды бергеннен кейін), дегенмен хабарландыруда (шақыруда) аталған ұсынысты қабылдаудың шекті мерзімі өткенге дейін хабарландыруда (шақыруда) немесе тендерлік құжаттамада өзгерістер енгізу қажеттігі туындаса, мұндай өзгертулер бастапқы құжаттарды бергендегідей тәртіппен қатысушыларға жеткізілуі тиіс.

Тендерлік құжаттама жөніндегі қайсыбір елеулі ақпарат қатысушылардың бәріне бір мезгілде жеткізілуге тиіс.

60. Алдын ала квалификациялау арқылы саудаласу әрбір әлеуетті мердігердің толтырылған анкетаны және негіздемелі құжаттарды беруі жолымен жүзеге асырылады. Әлеуетті мердігерлер туралы ұсыныстарды беру мерзімі мен квалификациялық деректер (N 9 қосымша) саудаласу туралы хабарландыруда (саудаласуға қатысуға шақыруда) көрсетіледі.

61. Тендерлік комитет әлеуетті мердігерлерді жазбаша хабарландыру жолымен оларға алдын ала квалификациялау нәтижелерін хабарлайды.

62. Бас мердігерлікті алуға арналған саудаласудың тендерлік құжаттамаларының міндетті құрамы N 10 қосымшада келтірілген.

Тендерлік комитет тендерлік құжаттаманы:

- ашық саудаласудың;
- жабық саудаласуға қатысуға шақырылған;
- алдын ала квалификациялау арқылы саудаласуды өткізу барысында алдын

ала квалификациялаудан өткен;

- кепілдік енгізген немесе тиісті қаржы мекемесінің немесе сақтандыру қоғамының кепілді хатын берген әлеуетті мердігерлердің бәріне тапсырады.

Тендерлік комитет тендерлік құжаттама бойынша консультацияларды беретін ақпарат қатысушылардың бірде-біріне артықшылық берілмейтіндей жағдайда тапсырылады.

63. Тендерлік комитет қатысушылардың (оференттердің) болашақ құрылысқа арналған құрылыс алаңымен тендерлік құжаттамаларды жіберудің (берудің) шекті мерзімі өткеннен кейінгі он күн ішінде, егер осы құжаттамада басқадай мерзім көрсетілмесе, танысу мүмкіндігін береді.

Құрылыс алаңында болу күні мен уақыты қатысушыларға арналған нұсқаунамада көрсетіледі. Болашақ құрылысқа арналған алаңмен (трассамен) танысу тапсырыс беруші өкілінің қатысуымен өтеді.

64. Қатысушы тендерлік құжаттама негізінде ұсыныс әзірлейді. Ұсыныстың негізгі құрамы мен қатысушыларға арналған нұсқаунама N 11 және N 12 қосымшаларда келтірілген.

Аталған талапты орындамаушылық саудаласушылық шартын бұзушылық ретінде қаралады және тиісінше негізгі ұсыныс (оферта) қабылданбайды.

65. Қатысушының саудаласу шарты тұрғысынан қайсыбір балама ұсынысы (офертасы) оның бағаға ықпалы және мердігерлікті орындау мерзімін көрсету арқылы дәлелді болып, бөлек ұсыныс ресімделуге тиіс.

Балама ұсынысты қарау негізгі ұсыныспен бір мезгілде жүзеге асырылады.

66. Тендерлік құжаттамада баяндалған негізгі шарттық жағдайларды қабылдай отырып, қатысушының оған жеке өзгерісті ұсыну құқығы бар. Осы ұсыныстар қабылданған ретте тапсырыс беруші ұсынысты тіркей алады.

67. Ұсынысты әзірлеудің ең аз мерзімі тендерлік құжаттаманы берудің соңғы мерзімі өткеннен кейін кемінде жиырма күн болуға тиіс.

68. Жетекшінің қолымен және ұйымның мөрімен бекітілген ұсыныс қосарланған конвертке салынған қызметтік хатпен бірге тендерлік комитетке беріледі.

Егер саудаласу шарты бойынша кепіл ұсынысты берумен бір мезгілде енгізілсе, соңғысы кепілдік туралы қуаттайтын банктік құжатпен бірге қабылданады.

Конверттерді ресімдеуге және берілетін ұсыныстар данасының санына қойлатын талаптар қатысушыларға арналған нұсқаунамаларда көрсетіледі.

69. Ұсыныстарды беру - қабылдау тәртібі қатысушыларға арналған нұсқаунамаларда көрсетіледі. Және:

- артынан хабарландыру арқылы ұсынысты тапсырысты почтамен жіберу;
- ұсыныстарды тікелей тендерлік комитетке беруді немесе ұсынысты

қолхатпен мөрленген арнайы жабдықталған жәшікке салу қарастырылуы мүмкін.

Ұсыныс тапсырыстық хатпен жіберілген ретте ұсыныстың түсу күні барған жеріндегі почта штемпелі бойынша анықталады.

70. Саудаласудың ашылу сәтінен кейін келіп түскен ұсыныс ашылмайды және қарауға қабылданбайды.

Ұсыныстың саудаласу ашылғаннан кейін, демек тапсырысты беру туралы шешім қабылданған күннен кешіктірілмей, егер кешігушілік хабарландырудағы (шақырудағы) немесе тендерлік құжаттамалардағы техникалық қателіктен туындаса, қабылдана алады.

71. Ұсыныстары қабылданбаған немесе одан бас тартылған қатысушылар себебі көрсетіліп, осы жайлы бес күндік мерзімде хабардар етіледі.

Қарауға қабылданбаған және бас тартылған ұсыныстарды қатысушылардың жазбаша келісімі арқылы тендерлік комитет қайталама саудаласуға әзірлену барысында немесе басқа мақсаттар үшін пайдалануы мүмкін.

Аталған ұсыныстар, егер мұндай талапты қатысушылар қарастырса және олар ұсыныстардың қарауға қабылданбағаны немесе бас тарту туралы хабарландыру жібергеннен кейінгі жиырма күн ішінде өздері талап ететін болса, қатысушыларға беріледі.

72. Саудаласу тендерлік комитеттің алғашқы ұсынысты ашумен ашылып, саудаласу нәтижелері туралы хабарландыруды жариялаумен (хабарламаны жіберумен) аяқталады.

Ұсыныстар бағамдау кезеңі ұсыныстар салынған конверттерді ресми ашып, саудаласу нәтижелері туралы хаттаманы жасау сәтіне дейінгі уақытты қамтиды және саудаласу шарттарында көрсетіледі.

73. Тендерлік комитет саудаласуға кез-келген қатысушының сұрауы бойынша ұсыныстың ауытқу себептері, не қатысушының саудаласуға жіберілмеу себептері туралы ақпаратты оған дереу беруге міндетті.

Саудаласуды өткізу

74. Қатысушы өзінің берген ұсынысы тендерлік комитеттің қарауына қабылданған сәттен саудаласуға қатысушы мәртебесін алады.

75. Бас саудаласу ұсынысы алып, жариялау барысында оған қатысушылардың өкілетті өкілдері қатысуға құқылы. Жария емес саудаласу барысында мұндай құқық оған қатысушыларға берілмейді.

76. Жария емес саудаласуды өткізу жағдайында жоғары ұйым немесе тапсырыс беруші басшылығы өкілінің қатысуымен ұсыныстар салынған конверттер ашылады.

77. Әрбір ұсынысты ашу барысында қатысушының фирмалық атауы, қорытынды шартты баға, жұмысты орындау ұзақтығы, орындау бағасы, ұзақтығы туралы басқа деректер оқылып, ұсыныстар тізбесі жария етіледі. Ұсыныстың қалған ақпараты жария етілмейді.

78. Ұсыныстар салынған конвертті ашумен бір мезгілде хаттама жасалады, онда карауға қабылданған, соның ішінде балама ұсыныстар саны, қатысушылардың фирмалық атауы, олар ұсынатын техникалық-экономикалық көрсеткіштер аталады. Хаттамада дер кезінде келіп түспеген ұсыныстар жеке а т а л а д ы .

Жария саудаласуларда аталған хаттама қатысушылардың қатысуымен жария етіледі. Саудаласу өкілдерінің хаттамаға ескерту енгізу және тендерлік комитет мүшелерімен қатар оған қол қою құқығы бар.

79. Тендерлік комитет:

- саудаласу шартын бұзу арқылы жасалған;
- құқығы жоқ қатысушылар әзірлеген;
- бәсекелестікті шектеу мақсатымен берілген;
- банкрот деп жарияланған немесе өздерінің біліктілігі, өндірістік қуаты немесе тиянақтылығы туралы жалған мәліметтер берген қатысушылар әзірлеген;

- тиянақты бағамен немесе орындау ұзақтығымен саудаласу барысында баға және жұмыс ұзақтығы жөнінен балама ұсыныстарды қабылдамайды.

80. Тапсырыс беруші, егер:

- бірде-бір ұсыныс түспесе немесе түскен ұсыныстардың бәрі саудаласу шарттарына сәйкес келмесе;
- бір ғана ұсыныс түссе;
- саудаласуға арналған негіздеме күші жойылса, саудаласуды өткізбей т а с т а у ы м ү м к і н .

Саудаласуға қатысушылар саудаласуды өткізбеу және мұндай шешімнің себептері туралы жазбаша нысанда хабардар етуге тиіс.

Егер тапсырыс беруші (коммерциялық құрылыс салушы) саудаласуға арналған негіздеменің болмауынан оны өткізбеген ретте әлеуетті мердігерлерге, олардың талабы бойынша, тікелей шығыны өтеледі.

81. Тендерлік комитет мүшелерінен басқа ешкімнің ұсыныстарды бағамдап, іріктеуге, қатысуға құқығы жоқ.

82. Тендерлік комитет ұсыныстарды бағамдау барысында төмендегідей ф а к т о р л а р д ы :

- ұсыныстың техникалық деңгейін;
- ұсынылып отырған күрделі қаржы мен пайдалану шығыны көлемін;
- ұсынылып отырған төлем шарттарын;

- объектіні кешіктіріп немесе мерзімінен бұрын іске қосудың қаржылық с а л д а р ы н ;

- білікті қосалқы мердігерлер мен өнім берушілерді тарту м ү м к і н ш і л і г і н ;

- басқадай коммерциялық, техникалық және ұйымдық артықшылықты е с к е р е д і .

83. Тендерлік комитет ұсыныстар көрсеткіштерін қарапайым немесе баллдық бағамдау әдісімен ұсыныстарды бағамдауды жүзеге асырады.

Ұсыныстарды қарапайым бағамдау барысында, егер онда ең төмен құн, жұмысты орындау ұзақтығы немесе алдын-ала басқадай жетекші көрсеткіш ұсынылса, қатысушы ұтып шықты деп танылады.

Баллдық бағалау барысында ұсыныстың негізгі көрсеткіштеріне тапсырыс беруші үшін олардың салыстырмалы мәнін бейнелейтін балл беріледі.

Баллдық жүйе алдын-ала саудаласу шарттарында белгіленеді.

Ең көп балл алған ұсыныс ұтып шықты деп танылады.

Ұтып шыққан ұсыныс (оферта) белгіленген тәртіпте сараптамадан өтеді.

84. Егер жабық саудаласуға берілген ұсынысты қарау барысында қателіктер анықталса, тендерлік, комитеттің:

- қатысушыға ұсынысқа түзету енгізу мүмкіндігін беру;

- ұсынысты бағалау барысында сөзбен жазылған қорытынды сома, егер ол бұған кіретін элементтерді қосу нәтижесі болып табылмаса да, егер қатысушыларға арналған нұқсаунамаларда өзгедей айтылмаса да, дұрыс деп есептелетін шешім қабылдау;

- басқа қатысушының белгіленген тәртіпте сараптамадан өтетін ұсынысын (оферетасын) қабылдау құқығы бар.

85. Жеңімпазды таңдау тендерлік комитет мүшелерінің үштен екісінің болуы барысында қарапайым көпшілік дауыспен жүзеге асырылады.

Тендерлік комитет жұмыстың аяқталуына қарай хаттама жасайды, оған қабылдаған шешім мен оның негіздемесі жазылады.

86. Саудаласуда ұтып шыққан мердігер мердігерлік шартына қол қою үшін ш а қ ы р ы л а д ы .

Ашық саудаласу нәтижелері ол туралы хабарландыру жарияланған сол бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, ал жабық саудаласу нәтижелері туралы оған қатысушылар бір мезгілде жазбаша нысанда хабардар етіледі.

87. Тендерлік комитеттің екі-үш ұсынысты іріктеп алып, болашақ мердігерлік шарттың техникалық және экономикалық жағдайларын анықтау үшін оларды берген саудаласуға қатысушылармен келіссөз жүргізуге құқылы.

88. Егер қатысушылардың бірі тендерлік комитет ұсынған құрылысты мерзімінде салып үлгермесе, соңғысының құрылысты белгіленген мерзімінде

аяқтауды қамтамасыз ету үшін мердігерлікті бірнеше мердігер арасында бөліп, олармен бөлек мердігерлік шартын жасасуға құқылы.

89. Саудаласуда ұтып шыққан бас мердігердің қажетті қосалқы мердігерлерді тарту үшін саудаласу жариялау құқығы бар.

90. Тендерлік комитет саудаласу аяқталғаннан кейін саудаласу туралы істі ресімдейді, онда қарауға ұсынылған ұсыныстардың бәрі, конверттерді ашу хаттамасы мен жеңімпазды анықтау хаттамасы, сараптамалық тұжырым, мердігерлік шарт немесе ниеттеме хаттамасының көшірмесі, саудаласуға қатысушылар талап еткен қабылданбаған ұсыныстарды қайтару туралы құжаттар, тендерлік комитеттің ақтық шағымдары мен шешімдері, сондай-ақ тендерлік комитет атына келіп түскен басқадай жазбаша ақпарат болады.

Саудаласуға қатысушылар шағымдарын қарау мерзімінің өтуіне қарай саудаласу туралы іс мұрағатқа тапсырылады және өкілетті бақылау органдарының талап етуімен оларға беріледі.

91. Тапсырыс берушінің (коммерциялық құрылыс салушының) мердігерлік саудаласуды ұтып шыққан ұйыммен шартын (контрактісін) ресімдеу құрылыстағы шарттар туралы қолданылып жүрген ережеге сәйкес өткізіледі.

V. Халықаралық конкурстар мен саудаласулар

92. Қазақстан Республикасында ұйымдастырылатын халықаралық конкурстар мен саудаласуларға өздері орналасқан (тұрған) елдердің және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқылы шетелдік заңды және жеке тұлғалар, олардың бірлестіктері қатыса алады.

93. Осы бөліммен белгіленген қағидаға сәйкес бұл Уақытша ереженің нормалары конкурстар мен саудаласуларға шетелдік қатысушыларға қолданылады.

94. Тапсырыс берушінің (коммерциялық құрылыс салушының) халықаралық конкурс пен саудаласуды өткізуге арналған құжаттарды әзірлеу барысында шетелдік инженерлік-консультациялық фирма қызметін пайдалану құқығы бар.

95. Табиғат қорғау объектілерін жобалау мен (немесе) салуға халықаралық конкурсты немесе саудаласуды өткізу барысында шетелдік және жергілікті мердігерлердің бірлескен қызметі туралы шарт міндетті талап болып табылады.

96. Ашық халықаралық конкурсты немесе саудаласуды өткізу туралы хабарландыру Қазақстан Республикасында және одан тысқары жерлерде жарияланады. Жабық халықаралық конкурсқа және саудаласуға қатысуға шақыру Қазақстан Республикасының шетелдердегі консульдығына (елшілігіне) фирмаларды - ықтимал қатысушыларды хабарландыру үшін жіберіледі.

97. Жабық халықаралық конкурсты немесе саудаласуды өткізу барысында шетелдік үміткер тендерлік құжаттамаларды алғанға дейін, егер конкурс (саудаласу) шартымен және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңымен өзгедей қарастырылмаса, банкке немесе сақтық компаниясына шетелдік валютамен алдын ала кепілдік беруге тиіс.

98. Ашық конкурсқа немесе саудаласуға шетелдік қатысушылардың тендерлік құжаттамаларды алуы конкурс (саудаласу) шартына және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңына сәйкес шетелдік немесе ұлттық валютамен төлем үшін жүзеге асырылады.

99. Конкурстық жұмыстар немесе ұсыныстар конкурстың немесе саудаласу шарттарының талаптарына сай ресімделуге тиіс.

100. Тапсырыс беруші (коммерциялық құрылыс салушы) конкурсқа немесе саудаласуға шетелдік қатысушылардың құрылыс алаңымен, алаңға кірме жолдармен, тұрғын үй жағдайымен, құрылыс аймағындағы жұмысшы күші жайымен танысу үшін оңтайлы жағдай жасауға тиіс.

101. Саудаласуға шетелдік қатысушылар ұсынған мердігерлік баға Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі сыртқы экономикалық алыс беріс үшін белгіленген бағам бойынша валютаға аударылады.

102. Шетелдік мердігерлермен конкурстық жұмысты орындағаны үшін есептесу Қазақстан Республикасының заңына, жабық конкурс шартына және жасалған мердігерлік шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

VI. Конкурстар мен саудаласуларды өткізуді қамтамасыз ету

103. Мердігерлік конкурстар мен саудаласуларды өткізуге бақылау жасауды, бюджеттік құрылыстар бойынша әдістемелік басшылық ету мен саудаласу жүйесін жетілдіруді Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірлесіп жүзеге асырады.

104. Ашық конкурсты немесе саудаласуды өткізу шығыны N 13 қосымшаға сәйкес анықталады.

105. Конкурстарды немесе саудаласуларды ұйымдастырып, өткізу жөніндегі шығындарды қаржыландыру тапсырыс беруші қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Олар құрылыс құнының құрама сметалық есебінде бейнеленеді.

Саудаласуды ұйымдастыру жөніндегі шығын (тендерлік құжаттама мен жоба сараптамасы үшін төлемді ұстап қалғанда) құрылыс құнының құрама сметалық есебінің "Басқа жұмыстар және шығындар" тарауында (7-бағанада), жобалау алдындағы, жобалау және іздестіру жұмыстарын орындауға конкурсты

ұйымдастыру жөніндегі шығын "Жобалау-іздігіру жұмыстары" тарауында (7-бағана) бейнеленеді. Сараптамаға арналған шығын "Жобалау-іздігіру жұмыстары" тарауында (7-бағана) бейнеленеді.

106. Конкурстық комиссия немесе тендерлік комитет төрағалар мен мүшелеріне еңбекақы төлеу сараптамалық жұмыстарды бағалауды пайдалану арқылы Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

107. Мердігерлер мен тапсырыс берушілердің үстеме шығындары есебінен ұсыныстарды әзірлеу шығыны жүзеге асырылады. Бірақ бөлек өтелмейді. Жабық саудаласулар ерекшелік болуы мүмкін, оның шарттары бойынша қатысушылардан көптеген жобалау және ұйымдық-технологиялық құжаттамаларды әзірлеу талап етіледі. Мұндай жағдайлар үшін қатысушыларға арналған нұсқаунамаларда аталған нұсқаунамаға сәйкес әзірленгендер, кезінде берілген әр ұсыныс үшін төлем сомасы белгіленеді.

108. Саудаласуға қатысуға үміткер банкке, тапсырыс беруші көрсеткен есепке кепіл енгізуге немесе банкінің не сақтандыру ұйымының кепілдеме хатын беруге м і н д е т т і .

Кепіл мөлшері саудаласу шартымен қайсыбір қатысушы үшін бірдей тиянақты сомада белгіленеді. Кепілдік сома саудаласуда ұтып шыққан қатысушының бас тартуынан, мердігерлік шартын жасасудан немесе жұмысты сапалы орындау кепілдігін беруден бас тарауынан тапсырыс берушіде туындайтын шығында өтеу үшін жеткілікті болуға тиіс.

Кепілдің қолданылу кезеңі ұсыныстың қолданылу кезеңіне тең болуға тиіс.

К е п і л д і к с о м а :

- саудаласу ашылғаннан оның нәтижелері туралы шешім жарияланғанға дейін қ а й т а р ы л ы п а л ы н ғ а н ;

- саудаласуда ұтып шыққан қатысушы мердігерлік шартына қол қоюдан бас тартқан р е т т е қ а й т а р ы л м а й д ы .

109. Саудаласуда ұтып шыққан қатысушы жұмысты сапалы орындау кепілдігін б е р у г е м і н д е т т і .

Қатысушының саудаласуды ашудың белгіленген мерзіміне дейін өз ұсынысын қайтарып алуға құқылы, осы жайлы тапсырыс берушіге жазбаша х а б а р л а у д ы .

110. Ұсыныстарды қарау мен бағамдау туралы ақпарат ол жабылғаннан кейін ғана саудаласуға ресми қатынасы жоқ тұлғаларға хабарлана алады.

111. Конкурсқа немесе саудаласуға қатысушылар конкурстық комиссияның немесе тендерлік комитеттің шешіміне шағымды Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігіне, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне немесе сотқа береді.

112. Конкурсты немесе саудаласуды өткізудегі кемшіліктердің анықталуы барысында оның нәтижелері жарамсыз деп танылады, ал тапсырыс беруші барлық қатысушылардың шығынын өтейді.

Өтем мөлшері келтірілген іс жүзіндегі шығынды ескеру есебімен анықталады

113. Егер тапсырыс беруші мердігерлік шартын жасасудан негізсіз бас тартқан ретте ол қалт жіберілген пайдаға қоса конкурста немесе саудаласуда ұтып шыққан қатысушының осыған байланысты шығынын өтеуге міндетті.

Қазақстан Республикасы
Экономика министрінің
міндетін атқарушы
1994 жылғы 7 қазан
N 01-1735/15

Қазақстан Республикасының
Құрылыс, тұрғын үй және
аумақтарда құрылыс салу
министрінің бірінші
орынбасары
1994 жылғы 7 қазан

N ФГ-18-21-1845

Құрылыстағы мердігерлік
конкурстар мен саудаласуларда
әзірлеу және өткізу жөніндегі
Уақытша ережеге
N 1 қосымша

Пайдаланылған терминдер

Терминдер	Анықтамалар

1	2
Сыйақы (сыйлық, қаламақы) Ашық конкурс жағдайында орындалған	
	жүлделі конкурстық жұмыс үшін төленетін
	ақшалай сома
Конкурс	Жобалау алдындағы және (немесе) жобалау
	құжаттамаларын бірнеше орындаушының
	бәсекелестік талдамасының және кейіннен
	тапсырыс беруші үшін аса тиімдісін
	таңдаудың айрықша нысаны
Жария конкурс (саудаласу) Конкурстық комиссия немесе тендерлік	
	комитет конкурсты (саудаласуды) өткізу
	барысында оған қатысушылардың көз
	алдында конкурстық жұмыстарды
	(ұсыныстарды) жариялайды.

Жабық конкурс | Оған шектеулі үміткерлер қатысады, оның
| техникалық деңгейі мен тиянақтылығы
| тапсырыс берушіге мәлім болады.

Жариялы емес конкурс | Конкурстық комиссия немесе тендерлік
| комиссия оны өткізу барысында конкурстық
| жұмыстарды (ұсыныстарды) жария етпейді

Ашық конкурс | Оған қатысуға тілек білдірген заңды және
| жеке тұлғалардың бәрі шақырылады. Ашық
| конкурсты (саудаласуды) өткізу мен
| оның нәтижелері туралы хабарландырулар
| жарияланады

Бастапқы конкурс | Не өтпеген, не заңды емес деп танылған,
(саудаласу) | не теріс салдары болған, не конкурста
| ұтып шыққан қатысушы немесе тапсырыс
| беруші құрылысты жобалау мен салуға
| шарт жасасудан бас тартқан бірінші
| конкурс

Қайталанған конкурс | Бастапқы конкурстан кейінгі конкурс
(саудаласу) |

Жартылай жабық конкурс | Ол екі турда және одан көп өткізіледі.
(саудаласу) | Сонымен бірге алғашқы тур, әлбетте,
| ашық, ал келесісі - жабық болады

Алдын ала квалификациялау | Оның алғашқы (алдын ала) турында N 9
арқылы конкурс өткізу | қосымшада келтірілген түйіндер бойынша
| әлеуетті қатысушылардың біліктілігі
| мен тәжірибесі туралы ақпараттар
| негізінде оларды іріктеп алу жүзеге
| асырылады

Конкурстық комиссия | Конкурстық жұмыстарды бағалап, сыйлық
| беруге құқылы орган

Конкурстық жұмыс | Конкурсқа қатысушы орындаған және
| конкурстық комиссияға берілген жұмыс

Конкурстық тапсырма | Жұмысқа қойылатын талаптың
| дәлме-дәлдіктегі сипаттамасы, ол
| орындалуға тиіс

Қатысушы (оферент) | Қажетіне қарай алдын ала
| квалификациялаудан өткен, конкурсқа
| (саудаласуға) қатысу үшін конкурстық
| жұмысты немесе ұсынысты (офертаны)

	берген, конкурсқа (саудаласуға)
	қатысушы
Ұсыныс (оферета)	Қатысушының конкурстық ұсыныстары
	баяндалған және мердігерлік алу
	саудаласуына қатысу үшін тендерлік
	комитетке берілген құжаттар кешені
	Ұсыныстың негізгі құжаты-
	мердігерлік шарт жобасы
Қарауға қабылданбаған ұсыныс	Саудаласу шартын бұзу арқылы
	әзірленген немесе мердігерлік
	саудаласуға қатысуға заң бойынша құқығы
	жоқ әлеуетті мердігер әзірлеген
	ұсыныс
Қабылданбай қалған ұсыныс	Қарауға қабылданған, дегенмен
	тендерлік комитет құқылық немесе
	экономикалық дәлелдеулер бойынша
	зерттеп, бағамдау барысында қабылдамай
	тастаған ұсыныс
Негізгі ұсыныс	Саудаласу шартына сәйкес әзірленген
	ұсыныс
Балама ұсыныс	Негізгі ұсынысқа қосымша ретінде
	әзірленген және саудаласу шарты
	шегінен тысқары болатын ұсыныс
Тендерлік комитет	Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша
	немесе оның атынан мердігерлік
	саудаласуды ұйымдастырушы уақытша
	немесе тұрақты орган
Тендерлік саудаласу	Тапсырыс берушінің бірнеше мердігер-
	үміткерлердің ұсыныстарын бағамдау
	мен салыстыру негізінде құрылыс салу
	жөніндегі (жобалау және құрылыс салу)
	мердігерді бәсекелестік таңдауының
	айрықша нысаны
Конкурс шарты	Конкурсты (саудаласуды) ұйымдастыру
	тәртібі, конкурстық жұмыстарға
	(ұсыныстарға) қойылатын талап және
	оларды бағамдау түйіні
Мемлекеттік тапсырыс беруші	Құрылысты жобалауға немесе салуға
	мемлекеттік тапсырыс беруші -

| өзінің ережесіне немесе жарғысына
 | сәйкес құрылысты ұйымдастыру құқығы
 | бар заңды тұлға. Тұрғын үй құрылысы
 | барысында белгіленген тәртіпке сәйкес
 | тұрғын үй құрылысы процесін
 | ұйымдастыруға лицензиясы бар
 | коммерциялық құрылыс салушы тапсырыс
 | беруші рөлін атқарады

конкурстар мен саудаласуларды
 әзірлеу және өткізу жөніндегі
 У а қ ы т ш а е р е ж е г е
 N 2 қ о с ы м ш а

Құрылыстағы мердігерлік конкурстар мен саудаласулардың негізгі түрлері

Нышаны	Конкурс, саудаласу түрі
Конкурсқа немесе саудаласуға қатысушылар аясын аумақтық шектеу	қалалық (аудандық), республикалық, халықаралық
Конкурсқа немесе саудаласуға қатысушыларды тарту тәсілі және оның қорытындыларын жариялау	ашық жабық жартылай жабық (ашық-жабық)
Конкурстық жұмыстарды немесе тендерлік құжаттамаларды ашу барысындағы жариялылық деңгейі	жария жариялы емес
Конкурсқа немесе саудаласуға қатысушыларды іріктеу тәсілі	алдын ала квалификациялау арқылы алдын ала квалификациялаусыз (тура)
Турлар саны	Бір турда екі турда үш турда және одан көп
Бір объекті бойынша конкурстар (саудаласулар) жүйесін ұйымдастыру	бөлек (бөлек мердігерлік) дәйекті (бас мердігерлік) қосалқы мердігерлік (дубль-қосалқы мердігерлік)
Бір объекті бойынша конкурстың	бастапқы

(саудаласудың) реттік нөмірі қайталама (екінші, үшінші)
Құрылыста мердігерлік
конкурстар мен саудаласуларды
әзірлеу және өткізу жөніндегі
Уақытша ережеге
N 3 қосымша

Конкурсқа арналған міндетті құжаттардың тізбесі

Құжат	конкурстар үшін жасалады
I. Әзірлік сатысы	
Тапсырыс берушінің конкурсты ұйымдастыру кез-келген туралы өкімді құжаты	
Конкурс өткізу туралы хабарландыру	ашық
Конкурсқа қатысуға шақыру	жабық
Конкурсқа қатысуға өтінім	жабық
Конкурстық тапсырма	кез-келген
Жобалауға тапсырма (конкурстық тапсырманың нысаны)	жабық
Конкурстық жұмыс және оған түсініктеме хат	ашық, ашық-жабық
Конкурстық жоба және оған түсініктеме хат (конкурстық жұмыс нысаны)	жабық
II. Негізгі саты	
Конкурстық комиссия мәжілісінің хаттамасы	ашық
Жобаның, ТЭН-нің, ТЭЕ-нің сараптамалық тұжырымы	жабық, ашық-жабық
Конкурстық комиссия шешімінің хаттамасы	кез-келген
Конкурс нәтижелері туралы хабарландыру	ашық
III. Аяқталу сатысы	
Конкурстың жабылуы туралы қатысушыларды хабарландыру	жабық
Талап етілген конкурстық жұмыстарды қайтару туралы құжаттар	ашық
Конкурсты өткізу туралы шағымдар	кез-келген
Конкурс туралы істер тізімі	кез-келген

Құрылыста мердігерлік
конкурстар мен саудаласуларды
әзірлеу және өткізу жөніндегі
Уақытша ережеге
N 4 қосымша

Конкурсты ұйымдастыру графигі

Жұмыс барысы	Атқарушы	Жұмыстың ұзақтығы, күн
		ең азы үдей түскен
		қорытындыға қоса
		жалпы
1	2	3
		4

I. Әзірлік сатысы

Конкурсты өткізу тапсырыс	1	1
туралы шешім әзірлеу беруші		
Конкурс тапсырмасын конкурстық	2	3
(жобалауға тапсырманы) комиссия		
және конкурс шартын		
әзірлеп, бекіту		
Конкурс туралы тапсырыс		
хабарландыру (конкурсқа беруші,		
қатысуға шақыру) конкурстық	7	10
комиссия		
Конкурстық жұмысқа тапсырыс беруші,		
мердігерлік шартын конкурсанттар	3	13
Конкурстық конкурсанттар		13+t
жұмыстарды	-----	
әзірлеу (конкурстық	10+t	
жобаны әзірлеу)		
Конкурсқа жауапты хатшы		13+t
қатысушыларға	-----	
консультация беру	10+t	
Конкурстық жұмыстарды жауапты	3	16+t
(жобаларды) жөнелту конкурсанттар		-----
(беру) және қабылдау	13+t	

II. Негізгі саты

Конкурстың ашылуы	конкурс	1	17+t	комиссиясы				
				-	-	-	-	-
					1	4	+	t
Конкурстың жұмыстарды бағамдап, іріктеу		" - "		15				32+t
					2	9	+	t
Іріктелген жобаның сараптамасы (егер бас органы құрылысшы анықталса)	сараптама		30					62+t
			29+t					
Конкурс нәтижелері жарияланым (хабардар ету)	конкурстық комиссия	7	62+t	----				
			36+t					
Қажетіне қарай жобаны пысықтау, қайталап сараптау және бекіту	конкурсанттар, сараптама органы, тапсырыс беруші	9	71+t	----				
			36+t					

III. Аяқталу сатысы

Конкурс жеңімпаздарына сыйақы	тапсырыс		5	----				76+t
			41+t					
Жүлде алмаған және конкурсқа кешіккен жұмыстарды жіберу	конкурстық комиссия		10					76+t
			51+t					----
Шағымдарды қарау	конкурстық комиссия	0	76+t	----				
	тапсырыс беруші		51+t					
Конкурс туралы істі ресімдеп, оны мұрағатқа тапсыру	жауапты хатшы	2	78+t	----				
			53+t					

Ескерту. 1. t-конкурстық жұмыстарды әзірлеудің ұзақтығы
 2. 4-бағанада сызықшаның үстінде жабық конкурстың, сызықшаның астында ашық конкурстың өткен ұзақтығы көрсетілген

Құрылыста мердігерлік конкурстар мен саудаласуларды әзірлеу және өткізу жөніндегі Уақытша ережеге N 5 қосымша

**Ашық конкурс туралы хабарландырудың
міндетті құрамы**

Тапсырыс берушінің фирмалық атауы

Конкурс нысаны

Конкурс нысанының атауы және турлар саны, егер олар
карастырылса

Негізгі бастапқы деректер және конкурстық жұмыстарға
талаптар

Конкурстық жұмыс құрамы

Конкурсқа қатысушылар құрамы жөніндегі шектеулер

Конкурстық сыйақы және (немесе) мадақтаудың басқа түрлері

Конкурс жұмысы тіліне талап

Конкурстық жұмыстарды беру мерзімі

Конкурстық жұмыстарды ресімдеу мен беруге қойылатын талап

Конкурсқа қатысушылардың авторлық құқығы туралы ақпарат

Қабылданбаған және жүлделі емес жұмыстарды қайтару тәртібі

Конкурс мәселелері бойынша консультация алу мерзімі және
уақыты

Конкурсты ұйымдастырушының фирмалық атауы мен заңды
мекен-жайы (соның ішінде телефоны, телексі, факсі)

Құрылыста мердігерлік

конкурстар мен саудаласуларды
өзірлеу және өткізу жөніндегі

Уақытша ережеге

N 6 қосымша

**Мердігерлік саудаласулардың міндетті
құжаттарының тізбесі**

Негізгі құжаттар	саудаласулар үшін жасалады
1	2

I. Өзірлік сатысы

Тапсырыс берушінің саудаласуды
ұйымдастыру туралы өкімдік
құжаты

Мемлекеттік тапсырыспен немесе
жергілікті өзін-өзі басқару
органының шешімімен көзделген
саудаласуға қоса кез келгені

Саудаласуды өткізу туралы
хабарландыру

ашық

Алдын ала квалификациялау егер саудаласу туралы
туралы хабарландыру хабарландыруда алдын ала
квалификациялауға нұсқау
болмаса, алдын ала квалификациялау

а р қ ы л ы

Саудаласуға қатысуға шақыру жабық
Саудаласуға қатысуға өтінімдер ашық саудаласу барысында кепіл
енгізу қарастырылады

Әлеуетті мердігерлер туралы алдын ала квалификациялау
квалификациялық деректер тізбесі арқылы

Әлеуетті мердігерлерді алдын " - "
ала квалификациялау хаттамасы

Алдын ала квалификациялау " - "

нәтижелері туралы хабардар ету
Кепілдік құжаттар кез-келген

Тендерлік құжаттама :

- қатысушылар үшін нұсқаунама кез-келген

- ТЭН-ді (ТЭЕ-ні) немесе

жобалауға тапсырманы әзірлеуге

тапсырма бірлескен мердігерлікті

- жобалау алдындағы, жобалау орындауға құрылыс мердігерлерін
және сметалық құжаттама, оның орындауға

б ө л і к т е р і

- мердігерлік шартының нысаны кез-келген

- қоса жіберілген хатпен бірге

ұсыныс (оферталар) кез-келген

2. Негізгі саты

Ұсыныстар салынған конверттерді кез-келген

а ш у х а т т а м а с ы

Мердігерлікке (өтпеген саудаласу

туралы) тапсырысты беру туралы

шешім хаттамасы " - "

Мердігерлік шарты (ниеттеме егер мердігерлік шарты
хаттамасы) жасалса (ниеттеме хаттамасы
жасалса) кез-келгені

Тапсырысты беру және саудаласуды егер шарт жасалса (ниеттеме
жабу (өтпеген саудаласу) туралы хаттамасы жасалса), ашық
хабарландыру

3. Аяқталу сатысы

Тапсырысты беру және саудаласуды жабық
жабу туралы саудаласуға
қатысушыларды хабардар ету
Тендерлік кепілдемелерді қайтару кез-келген
туралы құжаттар
Саудаласу жөніндегі шағымдар егер олар бойынша шағымдар
мен талап етулер, төрелік сот мен талаптар болса,
(сот) шешімі кез-келгені
Саудаласу туралы іс тізімі кез-келгені
Ескерту: сабақтас мердігерлік бір жобалау-құрылыс ұйымының
жобалау және құрылыс жұмыстар кешенін орындауын
қарастырады

Құрылыста мердігерлік
конкурстар мен саудаласуларды
әзірлеу және өткізу жөніндегі
Уақытша ережеге
N 7 қосымша

Мердігерлік саудаласуды ұйымдастыру графигі

Жұмыс барысы	Атқарушы	Жұмыс барысының ұзақтығы, күн	

		ең азы	үдемелі қорытындымен, жалпы
1	2	3	4

I. Әзірлік сатысы

Саудаласуды өткізу туралы тапсырыс	1	
шешімді әзірлеу беруші		
Тендерлік құжаттамаларды тендерлік	9	10
әзірлеу комитет		
Саудаласу туралы "-"	10	20
хабарландыру (саудаласуға қатысуға шақыру жіберу)		
Әлеуетті мердігерлерді мердігерлер,	5	25
алдын ала квалификациялау тендерлік комитет		

Сұранымдар бойынша	"-"	3	28/23
тендерлік құжаттамаларды жіберу (беру)			
Тендерлік құжаттамалар	"-"	6	31/26
бойынша консультация			
Болашақ құрылыс алаңымен	"-"	3	31/26
танысу			
Ұсыныстарды әзірлеу	қатысушы	20	48/43
Ұсыныстарды жіберу	тендерлік	3	51/46
(беру)және қабылдау	комитет,		
	қатысушылар		

II. Негізгі саты

Ашық саудаласудың негізгі	тендерлік	1	52/47
сатысы	комитет,		
	қатысушылар		
Ұсыныстарды,	тендерлік	5	57/52
түсініктемелерді бағамдап,	комитет		
іріктеу			
Іріктелген ұсыныс	сараптама	30	87/82
сараптамасы	органы		
Ашық саудаласу	тендерлік	10	97/92
нәтижелерін жариялау (жабық	комитет		
саудаласуға қатысушыларға			
хабарландырулар жіберу)			
Мердігерлік шартын жасасу	тапсырыс	3	100/95
	беруші,		
	мердігер		

III. Аяқталу сатысы

Шағымдарды қарау	тендерлік	0	57/52
	комитет		
Саудаласу туралы істі	"-"	3	103/98
ресімдеу және мұрағатқа			
тапсыру			

Ескерту: 4-бағанада сызықшаның үстінде алдын ала
квалификациялау, сызықтың алдын ала
квалификациялаусыз мердігерлік садаласу
ұзақтығы көрсетілген.

Құрылыста мердігерлік
конкурстар мен саудаласуларды

әзірлеу және өткізу жөніндегі
У а қ ы т ш а е р е ж е г е
N 8 қ о с ы м ш а

**Ашық саудаласу туралы хабарландырудың
міндетті құрамы**

Тапсырыс берушінің фирмалық атауы
Саудаласу нысанының атауы мен құрылысты жобалауға және
(немесе) салуға арналған алаңның орналасқан жері

Саудаласу нысанының негізгі сипаттамалары
Мердігерліктің шекті құны, қаржыландыру көздері

Мердігерлікті орындаудың мерзімінен ұзақтығы
Мердігерлік шарты, шартты бағаның түрі (әр түрі)
Алдын ала квалификациялау туралы нұсқау (егер ол
ө т к і з і л е р б о л с а)

Тендерлік құжаттамалар құны (егер ол төлем үшін берілетін
б о л с а)

Кепілдеменің құны, енгізу нысаны мен мерзімі туралы
н ұ с қ а у

Ұсыныстарды бағамдау түйіндері
Ұсыныстарды берудің шекті мерзімі
Саудаласуды ашу күні мен уақыты
Тендерлік құжаттамалар бойынша консультациялар алу
м е р з і м і м е н у а қ ы т ы

Тапсырыс берушінің фирмалық атауы мен заңды мекен-жайы
(соның ішінде телефоны, телексі, факсі).

Құрылыста мердігерлік
конкурстар мен саудаласуларды
әзірлеу және өткізу жөніндегі
У а қ ы т ш а е р е ж е г е
N 9 қосымша

Әлеуетті мердігерлер туралы квалификациялық
деректер тізбесі

I. Жалпы мәліметтер

Мердігерлердің заңды реквизиттері <*> (толық және қысқартылған
фирмалық атауы, заңды мекен-жайы, телефоны, телексі, факсі)

Ескерту. <*> Егер мердігерлер бірлестігі мердігер болып
табылса, мәліметтер оған қатысушылардың
әрқайсысы бойынша жеке беріледі.

Мердігер кәсіпорнын тіркеу туралы сертификат көшірмесі
Жұмыстың жекелеген түрлерін орындау лицензиясының нотариалдық
расталған көшірмесі

Ұйым басшылығы туралы мәліметтер (мердігер кәсіпорны атынан
қимыл-әрекет етуге өкілетті адамның лауазымы және фамилиясы)

II. Өндірістік көрсеткіштер

Мердігерлік қызметтің негізгі түрлері
Өндірістік қуат

Осындай жұмыстарды орындағаны туралы мәлімет (салынған объектілердің,
соның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша салынған объектілердің тізбесі)

Жұмысшылар саны

Өзінің өндірістік базасы

III. Қаржы жағдайы

Қызмет көрсетуші банкі

Соңғы өткен жыл ішінде кірістер мен шығыстар туралы есептердің
расталған көшірмесі

Кәсіпорынды сақтандырудың түрі мен көлемі.

Құрылыста мердігерлік
конкурстар мен саудаласуларды
әзірлеу және өткізу жөніндегі
Уақытша ережеге
N 10 қосымша

**Бас мердігерлікті алуға арналған саудаласудың
тендерлік құжаттамаларының міндетті құрамы**

Құжат	Талдама Күрделі құрылыс Құрылысты жұмыс		
		төмендегідей	бабындағы жоба.
		негізде	лау мен салу
			төмендегідей
негізде			
ТЭН, Жоба, жұмыс Жұмыс жоба бас			
ТЭЕ жұмыс құжат. сызба. немесе жосп.			
құжат. тамасы. сының кеңей. және			
тамасы ның жо.бас жос. тілген үлгі			
немесе басы пары ТЭН,ТЭЕ жоба			
жұмыс жұмыс және			
жобасы жобасы жұмыс			

					көлемі.	
					ніңве.	
					домство.	
					сы	
1	2	3	4	5	6	7
I. Саудаласулар шарты						
Қатысушыларға арналған нұсқаунама	+		+	+	+	+
Жабық саудаласуға қатысуға шақыру	+	+	+	+	+	
II. Жобалау-смета құжаттамасы						
Бастапқы деректерді қоса алғанда (ТЭН-ні),(ТЭЕ-ні) әзірлеуге тапсырма	+	-	-	-	-	-
Жобалауға тапсырма, бастапқы деректерді қоса алғанда	-	+	-	-	+	+
Жоба және жұмыс құжаттамасы (жұмыс жобасы)	-	-	+	-	-	-
Жоба немесе ТЭН-ні,ТЭЕ-ні кеңейту	-	-	-	-	-	-
Объектінің (кәсіпорынның) бас жоспары	-	-	-	+	-	+
Жұмыс сызбасы және жұмыстың нақты көлемінің ведомстісі	-	-	-	+	-	-
Жабдықтарды спецификациялау жинақтары	-	-	-	+	-	+
Үлгі жоба	-	-	-	-	-	+
Инженерлік іздестірулер бойынша есеп (техникалық тұжырым)	+	+	+	+	+	+
III. Шарттық құжаттама						
Мердігерлік шартының нысаны	+	+	+	+	+	+
Ұсыныстың негізгі текстісінің нысаны	+	+	+	+	+	+

Құрылыста мердігерлік
конкурстар мен саудаласуларды
әзірлеу және өткізу жөніндегі
Уақытша ережеге
N 11 қосымша

**Бас мердігерлікті алу саудаласуларына қатысу
туралы ұсыныстардың (оферетарлардың) міндетті құрамы**

Құжат	Беру реттері
Қоса жіберілген хат	әрдайым
Саудаласуға қатысушының біліктілік егер алдын ала мінездемесі	квалификациялау болмаса
Ұсыныстың негізгі текстісі	әрдайым
Ұсынысқа (оферетаға) қосымша:	
- ұсыныстың негізгі техникалық, экономикалық көрсеткіштері	әрдайым
Мердігерлік шартының жобасы, оның қосымшалары	"_"
- N 10 қосымшаға сәйкес тапсырыс берушіден алынған жобалау-сметалық құжаттама	"_"
- қатысушы әзірлеген қосымша жобалау-сметалық құжаттама	қатысушының оны әзірлеуі қажет болған ретте
- негіздемелі материалға қоса бас мердігерліктің шартты бағасының ведомостісі	бас мердігерлікті орындауға саудаласуға қатысу барысында
- жұмысты орындаудың негізгі календарлық жоспары	әрдайым
- қатысушының негізгі шарты Мердігерлік шартын жасасудың календарлық жоспары	қажетіне қарай әрдайым
Тендерлік кепілдік туралы құжат көшірмесі	егер құжат бұрын берілмесе
Құрылыста мердігерлік конкурстар мен саудаласуларды әзірлеу және өткізу жөніндегі	

Қатысушыларға арналған нұсқаунама <*>

Ескерту. <*> Тендерлік комитет толтырады және конкурсқа немесе саудаласуға қатысушыларға жіберіледі.

199__жылғы _____ N_____

Қазақстан Республикасының _____ қаласы

Саудаласу туралы хабарландыру _____

(басылым атауы, нөмірі, күні)

_____ жарияланды.

I. Жалпы ереже

1. Нұсқаунама тендерлік құжаттамалардың етене бөлігі болып табылады және ұсынысты (офертаны) жасап, берудің, сондай-ақ саудаласуды өткізудің тәртібін а н ы қ т а й д ы .

2. Қатысушы ұсынысты жасау барысында Қазақстан Республикасының құрылыс нормаларын және басқа нормативтік актілерін сақтауға міндетті.

3. Қатысушы тендерлік құжаттамалар мен осы Нұсқаунамаға сәйкес ұсыныстарды саудаласуға береді.

4. _____ тілде (тілдерде) _____ дана етіп жасалған, ұйым жетекшісі қол қойып, мөрмен расталған ұсыныс мына мекен-жай бойынша беріледі: _____

5. Ұсыныс қоса берілген хатпен бірге қосарланған конвертке салынып беріледі. Сыртқы конвертте ұсынысты қабылдау үшін белгіленген мекен-жай ғана, ішкі конвертте - саудаласу нысанының атауы мен ұсынысты қабылдау күні к ө р с е т і л е д і .

6. Ұсыныс өкіл-саудаласуды ұйымдастырушының жеке қол қоюымен хабарландыру арқылы почта жіберілімімен қабылданып, осы Нұсқаунаманың I-тарауының 4-тармағында көрсетілген мекен-жайы бойынша жәшікке салынады.

7. Сіздің ұсынысыңыздың қолданылу мерзімі саудаласу ашылған күннен _____ к ү н .

8. Саудаласу шартын бұзу немесе одан ауытқу арқылы жасалған ұсыныс карауға қабылданбайды, не қабылданбай қалады.

II. Ұсыныстар құрамы

1. Саудаласуға қатысуға ұсынысты беру туралы қоса жіберілетін хат.

2. Саудаласуда мердігерлік шарт жасасуға қатысу ұсынысы.

3. Ұсынысқа қосымша: ұсыныстың негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері.

III. Ұсынысты әзірлеу

1. Қатысушы құрылысты жобалау (салу) үшін 199__ жылғы____
199__ жылғы _____дейінгі мерзімде алаңмен танысуға тиіс.

2. Қатысушының объектінің техникалық және (немесе) экономикалық көрсеткіштерін, жұмысты атқаруды ұйымдастыруды жақсартатын тендерлік құжаттамалар талаптарын өзгерту ұсыныстары жеке балама ұсыныс ретінде ресімделіп, негізгі ұсыныстың болуы барысында ғана олар жіберіліп, дербес ұсыныс _____ ретінде _____ қаралады.

3. Қатысушы ұсынған қосалқы мердігерлер:_____

(ұйымның-қосалқы мердігердің фирмалық атауы)

4. Тапсырыс беруші қатысушы ұсынған кез-келген қосалқы мердігердің кандидатурасын қабылдамай тастау құқығын

РҚАО-ның ескертуі: (қосымшаның аудармасы жоқ парағын орыс тіліндегі нұсқамен беріп отырмыз)

IV. Цены

1. Все цены определяются в национальной валюте Республики Казахстан или иностранной согласно условий конкурса.

2. Участник составляет ведомость договорной цены.

3. Особые условия определения договорной цены _____

4. В случае обнаружения ошибок в ведомости договорной цены:

1) правильной будет считаться итоговая сумма, показанная прописью, если она не является результатом сложения входящих в нее элементов;

2) участнику предоставляется (не предоставляется) возможность внести поправки в предложение после открытия торга.

V. Залог участника

1. Участник передает документ о тендерном залоге в сумме _____ в срок до получения тендерной документации, одновременно с подачей предложения.

2. Залоговая сумма будет Вам возвращена тендерным комитетом в течение _____ дней после закрытия торга.

3. В случае отзыва Вами предложения в период его действия или необоснованного отказа заключить договор подряда залоговая сумма не возвращается.

VI. Порядок заключения договора подряда

1. Акцепт предложения будет направлен заказчиком участнику, выигравшему торг, не позднее _____ дней после присуждения заказа.

2. После уведомления об акцепте предложения просим Вас прибыть не позднее _____ дней со дня уведомления по адресу:

_____ мердігерлік шарт бойынша айрықша жағдайларды немесе

келіспеушілікті реттеу үшін

3. Мердігерлік шартқа қол қоюдан бас тартқан ретте сіздің ұсынысыңызды акцептісі туралы хабар етілген күннен _____ күннен

кешіктірмей тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуіңізді сұраймыз.

Тапсырыс берушіге келмеуді немесе аталған мерзімде жауап алмауды біз шарт жасасудан бас тарту ретінде бағалаймыз.

4. Мердігерлік шартына мердігердің өкілетті өкілдері қол қояды.

VII. Саудаласу туралы басқа ақпарат

1. Ұсынысты берудің шекті мерзімі 199__ жылғы _____

2. Ұсынысты қабылдау күні мен уақыты _____

3. Саудаласудың ашылу күні мен уақыты _____

4. Саудаласу ашылатын орын _____

нақты мекен-жайы

5. Ашық (жабық) ұсыныстар салынған конверттерді ашу процедурасы.

6. Ұсыныстарды бағамдап, іріктеу саудаласу ашылған күннен _____ күн ішінде атқарылады.

Құрылыста мердігерлік
конкурстар мен саудаласуларды
әзірлеу және өткізу жөніндегі
Уақытша ережеге
N 13 қосымша

Ашық конкурсты әзірлеу мен өткізу шығынының құрамы

Конкурстық тапсырма мен конкурс шарттарын көбейтуді қоса алғанда оны
әзірлеу төлемі.

Жауапты хатшыны қоса алғанда (тапсырыс берушінің) қайсыбір ұйымында
штатты қызмет атқармайтын (конкурстық комиссия мүшелері жұмысының
төлемі).

Хабарландыру (хабарландырулар) жариялау жөніндегі шығындарды төлеу.

Сыйақы және конкурсқа қатысушыларды мадақтаудың басқа түрлері.

Басқа қалалардан қатысушылардың талап етілген, сыйлық алмаған конкурстық жұмыстарын қайтарып беруді қоса алғанда почта мен көлік шығындары .

Конкурсты әзірлеп, өткізу үшін қажетті шығындардың басқа түрлері.

Т е н д е р л і к к о м и т е т

төрағасы _____
қолы _____ фамилиясы, аты-жөні.